

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 шілдедегі N 983 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 1081 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1132 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 шілдедегі N 983 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 27, 340-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережеде:

10-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру . " ;

1 1 - т а р м а қ т а :

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Министрліктің аумақтық органдарының қызметін үйлестіру, медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге және мүгедектерді оңалтуға ұйымдық-әдістемелік басшылық жасау және бақылау, республикадағы мүгедектікті ақпараттық-статистикалық талдау;"

мынадай мазмұндағы 10-1), 10-2), 10-3), 10-4) тармақшалармен толықтырылсын :

"10-1) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында, оның ішінде медициналық-әлеуметтік сараптама саласында нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеу;

10-2) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында кешенді бағдарламалар әзірлеу ;

10-3) барлық санаттағы мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету протездік-ортопедиялық көмек көрсету, есту протездерімен және тифлотехникамен, арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық кесімдер, әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

10-4) облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының ( департаменттерінің) және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру

және әдістемелік басшылық жасау;".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК